

Қарабұлақ мектеп-балабақшасының қамқоршылық кеңесі туралы
Қарабұлақ мектеп-балабақшасының Қамқоршылық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ

Қарабұлақ ауылы

№1

31.10.2023 ж

Қатыскандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директорының м.а А.Шарипов сөз алып, жиналысқа қатысушылар «Қамқоршылық кеңесінің» жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту ережелерімен таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңесі бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

Білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізеді.

Білім беру ұйымдарына арналған жиындарға қатысады.

Білім беру ұйымы басшысының есебін тыңдап, өз пікірін айтуға міндетті.

Сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуды қадағалайды.

Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету. Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру. Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін тартуға жәрдем беру. Мектеп директоры қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, Қамқоршылық кеңес құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Карасаева Қамқоршылық кеңесіне кімдер кіру керектігіне, олардың міндеттеріне тоқталып атап өтті. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

1. Кулбаев Арыстанбек – “Бекет” жеке шаруа қожалығы – кеңес төрағасы
2. Калдыгулов Самат – «Реймқұл» шаруа қожалығының басшысы – кеңес мүшесі
3. Ержигитова Бақыт – ата аналар комитеті – Кеңес мүшесі
4. Жолдығара Парасат – қарабұлақ әкімшіліктің бас маманы – кеңес мүшесі
5. Жарылқасын Ерасыл – өзін-өзі басқару ұйымының президенті – Кеңес мүшесі
6. Түрбаев Бақытжан – ата ана – кеңес мүшесі
7. Алғабай Жәнісбек – қарабұлақ ауылдық округінің участкелік инспекторы

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес Қарабұлақ мектеп-балабақшасында құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрамына ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.

Кеңес төрағасы:  А.Кулбаев

Кеңес мүшесі:  С.Калдыгулов